Еуропа қайта құру және даму банкі

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕР САЛАСЫНДАҒЫ МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

Қапшағай-Құрты автомобиль жолының телімін қайта салу жобасы (67 шақ.), Қазақстан



1 НҰСҚА
ТАМЫЗ, 2018Ж.

ҚҰПИЯ

## Еуропа қайта құру және даму банкі

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕР САЛАСЫНДАҒЫ МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

**Қапшағай-Құрты автомобиль жолының телімін қайта салу жобасы (67 шақ.), Қазақстан**

**ҚҰЖАТТЫҢ ТИПІ (НҰСҚАСЫ) ҚҰПИЯ**

**ЖОБАНЫҢ №: 70048319**
**БІЗДІҢ СІЛТЕМЕЛІК №: 1 НҰСҚА**

**КҮНІ: ТАМЫЗ, 2018Ж.**

## Еуропа қайта құру және даму банкі

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕР САЛАСЫНДАҒЫ МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

## Қапшағай-Құрты автомобиль жолының телімін қайта салу жобасы (67 шақ.), Қазақстан.

WSP
2 London Square
Cross Lanes
Guildford, Surrey
GU1 1UN
Тел.: +44 148 352 8400

WSP.com

# САПАНЫ БАҚЫЛАУ

| Шығарылым/ нұсқа | Бірінші шығарылым | 1 нұсқа | 2 нұсқа | 3 нұсқа |
|---|---|---|---|---|
| Ескертпелер | Ақырғы | | | |
| Күні | 08.08.18 | | | |
| Дайындаған | Н.Арчибальд/ Дж.Уорхерст | | | |
| Қолы | | | | |
| Тексерген | Р.Бейли | | | |
| Қолы | | | | |
| Рұқсат еткен | С.Битон/ Н.Баркер | | | |
| Қолы | | | | |
| Жоба № | 70048319 | | | |
| Есеп № | 1-нұсқа | | | |
| Құжаттың нөмірі | Орталық деректер/ 70048319 | | | |

# МАЗМҰНЫ

ЖҰМЫСТАР КӨЛЕМІ

БОЛЖАЛДЫ ҚОЛДАНУШЫЛАР

ФУНКЦИЯЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

ЖОБАЛАУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БАҚЫЛАУ

ҚҰРЫЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

МҮДДЕЛІ СУБЪЕКТІЛЕРДІ ТАРТУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ТІРШІЛІККЕ ҚАЖЕТТІ ҚАРАЖАТ КӨЗДЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

# ЖҰМЫСТАР КӨЛЕМІ

Аталған ҚОҚ және әлеуметтік аспектілер (ESMP) саласындағы Мониторинг және басқару жоспарының мақсаты келесілер болып табылады:

- Жобамен байланысты негізгі экологиялық және әлеуметтік мәселелерді немесе сезімтал тұстарын анықтау;
- Әсерді бәсеңдету жөніндегі шараларды сипаттау және әсерді бәсеңдету жөніндегі шаралардың тиімділігі қалай бақыланатынын көрсету болып табылады;
- Бағдарламаны ЕҚҚДБ талаптарына және ҚОӘБ[1] жөніндегі Директиваға сәйкес әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ету
- Еуропа парламентінің және Кеңесінің "Кейбір мемлекеттік және жеке жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы" 2011/92/ЕС Директивасына өзгертулер енгізу туралы 2014/52 / ЕС Директивасы (осы жерде және әрі қарай);
- Бағдарламаның құрылыс пен пайдаланудың барлық кезеңдерінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамасының талаптары мен басқа да корпоративтік және несиелік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Рөлдері мен міндеттерін анықтау; сондай-ақ,
- Ұстану бойынша механизмдер ұсыну.

Осы құжат Компаниялардың, жергілікті муниципалитеттердің, жергілікті билік өкілдері мен министрліктердің экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін білдіреді және Жобаның барлық өмір сүру кезеңі бойы қолданылатын болады.

Аталған ESMP-да ұсынылған әлеуетті әсерлердің талдаулары, әсерлерді бәсеңдету жөніндегі тиісті шаралар, басқару рәсімдері қосымша ҚОӘБ пен WSP Жоба (2018) үшін дайындаған Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралардың жоспарында (ЭӘІЖ) қамтылған бастапқы ақпарат пен бағалауларға негізделеді.

Сонымен қатар, WSP (2018) компаниясы аталған жоба үшін Тиісті субъектілерді тарту жоспарын (ТСТЖ) және Тіршілікке қажетті қаражат көздерін қалпына келтіру бағдарламасын (ТҚККТН) осы ESMP-да сипатталған басқару және мониторинг жасау элементтерімен бірге дайындап шықты.

[1] Еуропа парламентінің және Кеңесінің "Кейбір мемлекеттік және жеке жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы" 2011/92/ЕС Директивасына өзгертулер енгізу туралы 2014/52 / ЕС Директивасы

# БОЛЖАЛДЫ ҚОЛДАНУШЫЛАР

Осы құжаттың мақсаты – Жоба жөніндегі топқа (мердігерлер мен қосалқы мердігерлерді қоса алғанда) Жобамен байланысты әлеуетті экологиялық және әлеуметтік мәселелер туралы ақпаратты, сондай-ақ, іске асырылуы тиіс әсерді бәсеңдету жөніндегі рәсімдер мен шараларды ұсыну болып табылады.

Жоба жөніндегі топ жобаны орындаған кезінде қоршаған және әлеуметтік ортаны тиісті әрі тиімді басқаруға қол жеткізу үшін аталған ESMP-ны пайдаланатын болады. Аталған ESMP-ны қосымша ҚОӘБ, Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралардың жоспарымен (ЭӘІЖ), Мүдделі субъектілерді тарту жоспарымен (МСТЖ) және Тіршілікке қажетті қаражат көздерін қалпына келтіру бағдарламасымен (ТҚҚҚТН) бірге үйлестіре пайдаланған жөн.

# ФУНКЦИЯЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

Жобаға қатысып отырған әрбір тараптың ESMP-ға қатысты кең рөлі төменде анықталған.

- **ЕҚҚДБ:** Қаржыландыру, бірақ Жобаны тікелей әзірлеу емес. Сондықтан жауапкершілік Жобаның жетекшісіне артылады, дегенмен, жоба шеңберіндегі ЭӘІЖ мәртебесі, шағымдарды шешу және қоршаған ортаны, денсаулықты, еңбек пен қауіпсіздікті қорғау жөніндегі шаралардың орындалуы туралы есептер ЕҚҚДБ-ға ұсынылуы тиіс.
- **Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК):** Аталған ESMP-мен және қоршаған ортаны, әлеуметтік ортаны, денсаулық пен қауіпсіздік техникасына қатысы бар аспектілермен байланысты іс-шараларды жоспарлауға, жүзеге асыруға, мониторинг жасау мен орындауға қатысты жалпы жауапкершілік алады.
- **Қазавтожол:** Жобаны жүзеге асыру жөніндегі топ (ЖЖТ). ЖЖТ-ның рөлі Жобаны іске асыру, қаржыны және инвестициялық жобаның жалпы іске асырылуын бақылау болып табылады.
- **«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚФ - «Құрылыс жөніндегі дирекция»** - ESMP орындау бойынша жауапкершілікті өз мойнына алады.
- **Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК):** барлық тараптардың құрылысы мен жұмысында анықталған шараларды түсінуді, енгізуді және сақтауды қамтамасыз етеді.
- **«Астана инжиниринг орталығы»:** Әзірлеуші, техникалық жобаны әзірлеу кезінде ESMP-да анықталған шараларды орындау, жобалауды қадағалауға жауапты болып табылады.
- **Мердігер:** Құрылыс кезеңінде экологиялық және әлеуметтік-экономикалық әсерді барынша азайту мақсатында ESMP-да және Құрылыс кезіндегі экологиялық басқару жоспарында (ҚЭБЖ) анықталған әсерлерді бәсеңдету жөніндегі шаралардың орындалуына және шағымдарды тіркеудің айқын рәсімін сақтай отырып барлық қоғамдық шағымдардың есепке алынуына, сондай-ақ аталған мәселелерді шешу үшін қажетті әрекеттер қабылдауға жауапты. Барлық мердігерлер мен қосалқы мердігерлер оларға орындау үшін тапсырылған міндеттерге сәйкес ESMP және ҚЭБЖ талаптарын қолдануы және ұстануы қажет.
- **«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚФ:** Пайдалану кезеңінде экологиялық және әлеуметтік-экономикалық әсерді барынша азайту мақсатында Пайдалану кезіндегі экологиялық басқару жоспарының орындалуына жауапты.

# ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

## ЖОБАЛАУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БАҚЫЛАУ

Жобаны әзірлеу кезінде ESMP-мен қарастырылған қызметтің орындалуына ресми бақылау үдерісі және нақтылану шамасына қарай жобаның ақпараттандырылуы жүзеге асырылады.

## ҚҰРЫЛЫС КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

ҚЭБЖ, ESMP-да көрсетілген іс-шараларды іске асыру жөніндегі шаралармен бір қатарда, келесілерді де қамтитын болады:

- Денсаулықты және қауіпсіздік техникасын сақтау жоспары;
- Қызметкерлерді жұмысқа алу жоспары;
- Авариялардың салдарларын жою жоспары;
- Авариялық жағдайларға дайындықты және әрекет ету шараларын қамтамасыз ету жоспары;
- Еңбек дауларының тізілімі;
- Шағымдар тізілімі;
- Құрылыс лагерін басқару жоспары;
- Кіруді реттеу жоспары;
- Мәдени мұраны басқару жоспары;
- Мәдени мұраны басқаруды іске асыру жоспары;
- Жолдарға қызмет көрсету және жөндеу жоспары;
- Жұмыспен қамту жоспары;
- Қауіпсіздікті басқару жоспары;
- Гендерлік саясат;
- Пайдалану кезіндегі экологиялық басқару жоспары;
- Жер үстіндегі тәуекелді бағалау;
- Қозғалысты басқару жоспары; және
- Қауіпсіздікті басқару жоспары.

## ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

ПӘБЖ жобаны пайдалану кезеңінде ESMP-да көрсетілген қызметтерді жүзеге асыру шараларын қамтитын болады.

## МҮДДЕЛІ СУБЪЕКТІЛЕРДІ ТАРТУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ТІРШІЛІККЕ ҚАЖЕТТІ ҚАРАЖАТ КӨЗДЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Мүдделі субъектілерді тарту жоспары (мстж) және тіршілікке қажетті қаражат көздерін қалпына келтірудің тұжырымдамалық негізі (тққктн) wsp (2018) компаниясымен дайындалған және аталған жобаның бөлігі болып табылады. Бұл жоспарлар тірі құжаттар болып қалады және де құрылыс пен пайдаланудың барлық кезеңі бойы жаңартылып отырады. Тққктн әрі қарай тіршілікке қажетті қаражат көздерін қалпына келтіру жоспарына (тққкж) ауысатын болады.

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ауаның сапасы** | | | | | |
| ▪ Шаңды басу мен ауаның сапасы мәселелері бойынша жауапты тұлғаның (тұлғалардың) аты мен байланыс деректері телім шекарасының шегінде ілулі тұруы тиіс. Ол қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджер/инженер немесе телімнің менеджері бола алады. Сондай-ақ, бас немесе өңірлік кеңсенің байланыс деректері көрініп тұруы қажет. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Жобалық телім шекараларының шегіндегі тиісті жерлерде орналастырылған ақпараттық қалқандар. | Ақпараттық қалқандарды көзбен шолып тексеру. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Шаң-тозаң мен ауа сапасына түсірілген барлық шағымдар тіркеліп, себеп-салдарлары анықталуы тиіс. Орын алған жағдайды түзету бойынша тиісті шаралар өз уақытында, қабылданған шаралар туралы жазба қалдыра отырып қабылдануы тиіс, соның ішінде қайта туындауды алдын алу үшін қабылданған кез-келген қосымша шаралар туралы.<br>▪ Сұрату орын алған жағдайда шағымдар журналы жергілікті билік органдарына ұсынылады.<br>▪ Тікелей сол жерлерде я болмаса телімнен тыс жерлерде шаңның көтерілуін және/немесе ауаның ластануын туындататын кез-келген жағдайлар, сондай-ақ тіркеу журналында тіркелген жағдайларды жою үшін қабылданған әрекеттерді тіркеген жөн. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Ай сайынғы есептілік. | Ай сайын ұсынылған есептерге шолу. | Шағымдар тізілімі (немесе баламасы). |
| ▪ Күніне екі рет шаңды көзбен шалып тексеру жүргізген жөн, ал шаңның түзілуін азайту мақсатында жердің үстіне су шашып отыру қажет. | ▪ Мердігер | Құрылыс кезеңі. | Көзбен шолып қарау және бетіне су шашу | Көзбен шолып тексерулерді күн сайын тіркеу | ҚЭБЖ. |
| ▪ Телімді жоспарлаған кезде шаңмен ластанатын техника мен жұмыстар реципиенттерден мүмкіндігінше алыс болатындай етіп жоспарлаған жөн;<br>▪ Шаңмен ластанатын жұмыстар кешені жүргізілетін телімдер мүмкіндігінше аландағы кез-келген үйінділердің биіктігіне тең келетін биіктіктегі тұтас қалқандармен | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Әсерді бәсеңдету бойынша жүргізілген шаралар алаңнан көрініс тапқан. | Көзбен шолып тексерулер. | ҚЭБЖ. |

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| немесе тосқауылдармен қоршалуы тиіс;<br>▪ Су немесе балшық ағындарының алдын алған жөн;<br>▪ Қоршаулар, тосқауылдар мен құрылыс сатылары ылғалдандыру тәсілдерін пайдалана отырып тазалықта ұсталуы тиіс. | | | | | |
| ▪ Барлық көлік құралдарының жүргізушілері көлік құралы пайдаланудан тыс жерлерде тұрған сәтінде қозғалтқыштарын өшіруі және бос жүруді алдын алуы тиіс;<br>▪ Дизельдік генераторларды және бензинмен жұмыс істейтін генераторларды пайдаланудан аулақ болған жөн және мүмкін болатын жерлердің барлығында электрлік немесе аккумуляторлық жабдық пайдалану қажет. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс кезеңі. | Әсерді бәсеңдету бойынша жүргізілген шаралар алаңнан көрініс тапқан. | Көзбен шолып тексерулер. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Кесуге, тегістеу немесе тілуге арналған жабдық суға арналған бүріккіштер немесе шаңды жергілікті басуға, мысалы оңтайлы соратын желдеткіш желілері сияқты сәйкес келетін тәсілдермен үйлестіріле орнатылуы немесе пайдаланылуы тиіс;<br>▪ Егер ол мүмкін әрі мақсатты болған жағдайда техникалық суды пайдалана отырып шаңның тиімді басылуы/ шаң түзілу көлемінің төмендеуі үшін телімдерді жеткілікті сумен қамту қамтамасыз етіледі;<br>▪ Жабық арықтар мен жабулы скиптер пайдаланылатын болады;<br>▪ Тиеу шөміштерінен, бункерлерден және басқа да тиеу-түсіру жабдығынан тастау биіктігі барынша азайтылатын болады, мұндай жабдықтарда қажеттілік шамасына қарай аздап бүркейтін спринклерлік қондырғы пайдаланылатын болады;<br>▪ Жабдық кез-келген құрғақ төгілулерді тазалау мақсатында қолжетімді болуы тиіс, жылыстаулар өз кезегінде жүзеге асыру шамасына қарай жұмыстарды орындап болғаннан кейін ылғалды тазалау тәсілдерін пайдаланумен жойылатын болады. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс кезеңі. | Әсердің бәсеңдету бойынша жүргізілген шаралар алаңнан көрінеді.<br>Ай сайынғы есептілік. | Көзбен шолып тексерулер.<br>Ай сайын ұсынылған есептердің шолуы. | ҚЭБЖ. |

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| ▪ Ұлттық заңнамаға сәйкес от жағу мен қалдықтарды өртеуге жол берілмейді. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс кезеңі. | Көзбен шолып тексерулер. | Көзбен шолып тексерулер. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Желдің әсеріне ұшырағыш беттердің ауданын азайту үшін қоймалардың беттерінің ауданы мейлінше азайтылатын болады (көлбеу градиенті және көзбен шолып басып кірумен байланысты көзбен шолу шектеулері мен денсаулықты, қауіпсіздік техникасын қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес);<br>▪ Мүмкіндік бойынша материалдардың қоймалары, тиеу-түсіру алаңқайларының, ашық шұңқырлар мен материалдарды өңдеу телімдерінің айналасында телім мен қоршаған ортаның арасында физикалық кедергіні қамтамасыз ету үшін тор/шарбақтар орнатылатын болады;<br>▪ Желдің басым бағытын ескере отырып топырақ және материалдардың үйінділері барынша алыс орналасатын болады;<br>▪ Желдің әсерінен материалдардың ұшып кету ықтималдылығын мейлінше азайту үшін құрғақ немесе желді ауа-райында материалдардың үйінділері мен ашық аспан астындағы беттер су шашу арқылы ылғалдандырылатын болады. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс кезеңі. | Әсерді бәсеңдету бойынша жүргізілген шаралар алаңнан көрінініс тапқан.<br>Ай сайынғы есептілік. | Көзбен шолып тексерулер.<br>Ай сайын ұсынылған есептерге шолу. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Барлық құрылыс қондырғылары мен жабдықтар жақсы жұмыстық күйде ұсталатын болады және пайдаланылмайтын болса жұмыс істемейтін болады. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс кезеңі. | Алаңда қондырғылар мен жабдықтар журналын жүргізу.<br>Көзбен шолып тексерулер. | Журналдың апта сайынғы шолуы.<br>Көзбен шолып тексерулер. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Тасымалдау кезінде материалды жоғалтып алуды алдын алу мақсатында телімге кіретін және шығатын көлік құралдарының үсті жабылатын болады; доңғалақтарды жуу жүйесі пайдаланылады (телімнен шығар алдында жиналып қалған шаң мен балшықты мүмкіндігінше жуып | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); және<br>▪ Мердігер. | Құрылыс кезеңі. | Әсерді бәсеңдету бойынша жүргізілген шаралар алаңнан көрінініс тапқан. | Алаңға кірер алдында және шыққанда көлік құралдарын көзбен шолып тексеру. | ҚЭБЖ. |

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| тастау үшін күшпен шашу қолданылады). | | | | | |
| **Биоалуантүрлілік және тірі табиғат ресурстары** | | | | | |
| ▪ Жобаның іске асырылуы бойы жартылай табиғи өмір сүру ортасынан айыру/шығарып тастау мейлінше азайтылуы тиіс. Бұл мәселе әсіресе бүкіл алаң бойынша шашыла орналасқан ағаш өсімдіктер мен тал-шіліктер үшін өзекті. Бұл мүмкін болмаған жағдайларда шығындардың орнын толтыру мақсатында (осы аумақтың жануарлар әлеміне тигізуі мүмкін әлеуетті әсер тұрғысынан болсын сол сияқты өмір сүру ортасы/ерекшеліктері көз қарасынан алғандағы) салдарларды бәсеңдету бойынша толығырақ шаралар ұсынуы үшін эколог-маман/биоалуантүрлілік жөніндегі маман осы аудандарды аралап тексеріп шығуы қажет. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК);<br>▪ Мердігер; және<br>▪ Лайықты білікті эколог. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Экологиялық ерекшеліктер сақталады. | Анықталған экологиялық ерекшеліктерді қорғау жоспары ҚЭБЖ-ға енгізілген. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Өсімдіктен тазалаудың кез-келген уақыты құстардың ұя салу маусымымен тұспа-тұс келмейтін кезеңге жоспарлануы тиіс. Бұл мүмкін болмаған жағдайда білікті эколог телімде құстардың белсенді ұя салуы бар жоқтығына тексеруі тиіс. Ондай жағдай анықталған кезде балапандар қауырсынданған уақытқа дейін аталған телімдердегі жұмыстарды тоқтату ұсынылады. Тексеру-зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін эколог толыққанды ұсыныстар ұсынуы тиіс. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК);<br>▪ Мердігер; және<br>▪ Лайықты білікті эколог. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Аумақты өсімдіктерден тазалау бағдарламалары осы кезеңді ескереді. | Құрылыс кезеңіндегі тұрақты тексерулер. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан телімге жақындаған жануарлардың жарақаттануына немесе өліміне әкеп соқтыруда көрініс табатын жануарлар әлеміне келетін жалпы әсер құрылыс жұмыстары кезінде көрінетін болады. Аталған әсерді төмендету мақсатында барлық ашық қазбалар, қауіпті материалдар мен жабдықтар пайдаланылмайтын кезең ішінде қауіп төндірмеуі тиіс. Сонымен қатар, телімінің шекарасында әрі | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК);<br>▪ Мердігер; және<br>▪ Лайықты білікті эколог. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Алаңның айналасына қоршау орнатылды, күн сайынғы тексерулер жүзеге асырылады. | Телім мен жұмыстар телімінің айналасындағы қоршаудың тұтастығын көзбен шолып тексеру. | ҚЭБЖ. |

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| құрылыс жұмыстарының әлеуетті әсерін барынша азайтатын әрі жануарлардың жұмыс алаңына кіріп кетуін шектейтін қоршау орнату ұсынылады. | | | | | |
| **Климаттың өзгеруі** | | | | | |
| ▪ Парник газдарының шығарылу тәуекелдерін және климаттың осалдық тәуекелін бағалауды орындау. | ▪ Жобаны жүзеге асыру тобы (ЖЖАТ), Құрылысты қадағалау жөніндегі кеңесші (ҚҚК); | Құрылыс басталғанға дейін | Парник газдарының шығарылуы мен климаттың осалдылығы тәуекелдерін бағалауды аяқтау | ҚОӘБ-ға сәйкес парник газдарының шығарылуы мен климаттың осалдылығы тәуекелдерін бағалаудың ақырғы шолуы | Жобалау деңгейіндегі бақылау |
| ▪ Құрылыс үшін қажетті материалдардың көлемін мейлінше азайту;<br>▪ Қайта пайдалануға болатын бұйымдардан жасалған құрылыс материалдарын немесе қайта қалпына келуде артықшылығы бар қайта қалпына келетін көздерден жасалған құрамындағы көміртектің мөлшері төмен екінші құрылыс материалдарын барынша пайдалану қажет;<br>▪ Алынатын жерінен телімге дейінгі арақашықтықты қысқарту үшін мүмкіндігінше жергілікті материалдарды пайдалану;<br>▪ Балама/көміртегі төмен отында өндірілетін электр энергиясында жұмыс істейтін тиімдірек құрылыс қондырғыларын және көлік құралдарын пайдалану. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС;<br>▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі телім менеджерінің жыл сайынғы есептілігі (немесе баламасы). | Жыл сайынғы ұсынылған есептердің шолуы. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Жобаны пайдалану мерзімін максималды ұзарту және техникалық қызмет көрсету мен жөндеу қажеттілігін (және онымен байланысты барлық шығарындыларды) барынша азайту мақсатымен жобалау, анықтау және салу;<br>▪ Жобаны қызмет ету мерзімі аяқталған кезде қайта пайдалану материалдарын және өңделген материалдарды/элементтерді барынша пайдалану мақсатымен жобалау, анықтау және салу;<br>▪ Жарықтандыру (жарықдиодты шам) және телекоммуникациялар сияқты жоғарытиімді механикалық және электрлік жабдықты анықтау. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС<br>▪ «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚф / «Казавтодор» ЖШС<br>▪ Мердігер | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Осы шараларды алдыңғы қатарлы тәжірибеге сәйкес әзірлеу мен техникалық қызмет көрсетуге қосу. | Жобалау және техникалық қызмет көрсету бойынша шараларға шолу. | Жобалау деңгейіндегі бақылау<br>ПЭБЖ. |

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| ▪ Оңтайлы әрі тиімді тәсілдемелерді, тиімді қондырғылар мен жабдықтарды пайдалана отырып Жобаны пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және қайта қалпына келтіру. | ▪ «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚФ / «Казавтодор» ЖШС | Пайдалану. | Алдыңғы қатарлы тәжірибеге сәйкес пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу. | Тұрақты техникалық қызмет көрсету мен жөндеу. | ПЭБЖ |
| **Мәдени мұра және археологиялық нысандар** | | | | | |
| ▪ Құрылыс барысында әлеуетті археологиялық нысандарға келетін әсерді бәсеңдетудің және басқару мақсатында «Мүмкіндіктерді іздеу рәсімін» орнату. Бұл ЕҚҚДБ 8-дің тиімділікке қоятын талаптарына сәйкес жүргізіліп, «Мәдени мұраны басқару жоспары» (CHMP) және келесі тақырыптарды қамтитын Мәдени мұраны басқаруды іске асырудің тиісті жоспарының (CHMIP) нысанын қабылдауы тиіс:<br>▪ Мәдени мұраның әлеуетті нысандарының ашылуын қарау үшін пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша жүргізілетін іс-шараларды жоспарлау;<br>▪ Құрылыс кезеңіне қатыстырылған жұмыскерлер мен қызметкерлердің оқытылуы және біліктіліктерінің арттырылуы, жүріс-тұрыс кодексі;<br>▪ Жылдам іздеу рәсімдерін енгізу; сондай-ақ<br>▪ Мердігер құрылыс кезеңінде сақтауы тиіс мониторинг және есептілікке қойылатын талаптарды іске асыру. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС;<br>▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезеңінде | Белгілі бір рәсімді құру. | Белгіленген рәсімнің жүргізіліп жатқанына көз жеткізу. | АДЖК |
| **Ірі авариялар мен апаттар** | | | | | |
| ▪ Жол қозғалысының қауіпсіздігі аудиті бойынша шаралар жобаға қосылуы тиіс | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС. | Құрылыс басталғанға дейін. | Қайта қаралған жоба | Қайта қаралған жоспар салынды. | Жоба. |
| ▪ Әлеуетті ірі авариялар мен апаттарды алдын алу және басқару жоспарлары мен рәсімдері ҚЭБЖ-да құжаттандырылуы тиіс (құрылыс үшін). | ▪ Мердігер | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Белгілі бір рәсімді құру. | Телімдерде белгілі бір рәсімдердің құрылғанына және жұмыс істеп жатқанына көз жеткізу. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Әлеуетті ірі авариялар мен апаттарды алдын алу және басқарудың жоспарлары мен рәсімдері Авариялық жағдайларға дайындықты және әрекет ету | ▪ «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚФ / «Казавтодор» ЖШС | Пайдалану. | Авариялық жағдайларға дайындықты және әрекет ету шараларын қамтамасыз ету жоспарын (немесе оның | Авариялық жағдайларға дайындықты және әрекет ету шараларын қамтамасыз ету жоспары әзірленген, әрекет етеді | Авариялық жағдайларға дайындықты және әрекет ету шараларын қамтамасыз ету жоспары |

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| шараларын қамтамасыз ету жоспарында (немесе оның баламасында) құжаттандырылуы тиіс. | | | баламасын) әзірлеу. | және жүйелі түрдегі шолуға жатады. | (немесе оның баламасын). |
| **Геология және жер қыртысы** | | | | | |
| ▪ Жер үсті зерттеулері және теңестірілген реципиенттер үшін әлеуетті тәуекелді бағалау үшін тәуекелді бағалау. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Жер үсті зерттеуі мен тәуекелдерді бағалауды аяқтау. | Құрылыстың барлық кезеңі бойы тәуекелді бағалауға шолу және мониторинг жасау. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Жердің ластану салдарларын бәсеңдету қағидаттары, шаралары мен рәсімдері. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС;<br>▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезінде. | Ластанған жерлерді тастау/шығаруды басқару бойынша рәсімдерді жүзеге асыру. | Белгілі бір рәсімдерді тексеру орындалуда және телімнің барлық жұмыскерлеріне мәлім (мысалы, жедел жиналыстар өткізу арқылы). | ҚЭБЖ. |
| ▪ Төгілген майды немесе мұнайды немесе төгілулерді жинауға арналған құрылғыны ұсыну. | Мердігер. | Құрылыс | Төгілген сұйықтықтарды жинауға арналған құрылғылар көлік құралдарының соңғы тізбелерінде ескеріліп, телімдегі тиісті орындарда орнатылуы тиіс. | Көлік құралдарының бақылау тізбесінің аудиті және телімге төгілген сұйықтықтарды жинау бойынша жиынтықтарды көзбен шолып тексеру. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Жүргізушілердің тиісті жүріс-тұрыс/көлік құралдарына тиісті қызмет көрсету бағдарламасы. | Мердігер | Құрылыс | Жүргізушілердің жүріс-тұрыс бағдарламасын және көлік құралдарына қызмет көрсету мен қарап тексеру жазбасын әзірлеу. | Жүргізушілердің тиісті жүріс-тұрыс бағдарламасының және көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және инспекциялау туралы жазбаларының аудиті. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Жер үсті зерттеулері және тәуекелдерді бағалау:<br>▪ Анықталған реципиенттер үшін жер үсті газы жиналуының әлеуетті тәуекелін бағалау;<br>▪ Агрессивті топырақ жағдайларының әлеуетті тәуекелін бағалау. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС;<br>▪ Мердігер; және<br>«ҚазАвтоЖол» ҰК АҚФ АҚФ/«Қазавтожол» ЖШС. | Құрылыс басталғанға дейін және пайдалану кезеңінде. | Жер үсті зерттеуді және тәуекелді бағалауды орындау.<br>Әсерді бәсеңдету бойынша жүргізілетін шараларды орындау. | Әсерді бәсеңдету бойынша жүргізілетін шараларды орындау. | Тәуекелді бағалау. |
| ▪ Топырақтың агрессивті қасиеттеріне қарсы тұруға арналған тереңдетілген бетон мен құрастырылымды жобалау. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС. | Құрылыс басталғанға дейін. | Тереңдетілген темірбетон құрастырылымдарды жобалау топырақтың агрессивті қасиеттеріне төтеп бере алады. | Жобалау және техникалық қызмет көрсету бойынша шараларға шолу жасау. | Жобалау деңгейіндегі бақылау. |
| ▪ **Ландшафт және көзбен шолып бақылау** | | | | | |
| Жартылай табиғи өмір сүру ортасын жою/айыру барлық жоба бойы барынша азайтылуы тиіс. Бұл әсіресе барлық телім бойынша шашыла орналасқан ағаштар мен тал-шіліктер үшін өте өзекті болады. | | | | | |

▪ «Аст инжи ортал ЖШС

| ӘРЕКЕТ | ЖАУАПКЕРШІЛІК | МЕРЗІМДЕРІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ | ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мердігер |
| ▪ Барлық ашық қазбалар, қауіпті техника мен материалдар пайдаланылмай тұрған кездерінде қауіп төндірмеулері тиіс. Сонымен қатар, телімінің шекарасында құрылыс жұмыстарының әлеуетті әсерін барынша азайтатын әрі жануарлардың және малшылардың жұмыс алаңына кіріп кетуін шектейтін қоршау орнату ұсынылады. | ▪ Мердігер. | Құрылыс басталғанға дейін және құрылыс кезеңінде | Алаңның айналасына қоршау орнатылған, күнделікті тексеру жүзеге асырылады. | Телімнің және жұмыстар телімінің айналасындағы қоршаудың тұтастығын көзбен шолып тексеру. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Қиылыстарды салу кезінде, топырақ жолдарға балама болатын бағыттарды анықтап, жариялау қажет. | ▪ «Астана инжиниринг орталығы» ЖШС;<br>▪ Мердігер. | Құрылыс | Балама бағыттар қиылыстардың құрылысы кезінде ұсынылады. | Уақытша бағыттарды пайдалана отырып трафикке мониторинг жасау. | ҚЭБЖ. |
| ▪ Жарылыс жұмыстары оңтайлы жұмыс уақытында жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылуы тиіс және мұндай жұмыстардың жүргізілетіні туралы өз уақытында ақпарат тарату қажет. | ▪ Мердігер. | Құрылыс | Күндізгі әрі жұмыс уақытында жүзеге асырылатын жарылыс жұмыстарын жүргізу туралы ақпарат жұртшылық үшін жарияланады. | Жарылыс жұмыстарына мониторинг жүргізіледі, жарылыс жүргізілетін уақыт туралы ақпарат алдын ала жарияланады. | ҚЭБЖ. |
